

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне аквашаруашылық, агроөнеркәсіптік кешен, электр энергетикасы және жекелеген орталық мемлекеттік органдардың функцияларын қайта бөлу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2025 жылғы 12 маусымдағы № 194-VIII ҚРЗ

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы Заңның қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз.

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексіне:

1) 10-баптың 2-тармағында:

бірінші бөлік "мемлекеттік корпорациясы" деген сөздерден кейін "және Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорын" деген сөздермен толықтырылсын ;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Бұл ретте Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның қызметіне елді мекендердің жерлерін қоспағанда, жер учаскелерінің кадастрлық (бағалау) құнын айқындау жатады.";

2) 12-баптың 38) тармақшасы "балық шаруашылықтары" деген сөздерден кейін ", аквашаруашылық" деген сөзбен толықтырылсын;

"3) 43-1-баптың 10-тармағында:

бірінші бөліктің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Жер учаскесін аквашаруашылық жүргізу үшін беруді қоспағанда, конкурстық ұсыныста:";

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Аквашаруашылық жүргізуге арналған конкурстық ұсыныста:

1) бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, аквашаруашылық объектілерін өсіру көлемі, аквашаруашылық жүргізуге арналған тиісті инфрақұрылым мен жабдықтың, аквашаруашылық саласындағы білікті мамандардың болуы, құрылатын жұмыс орындарының саны);

2) Қазақстан Республикасы жер заңнамасының және Қазақстан Республикасының аквашаруашылық саласындағы заңнамасының талаптарын орындау жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс.";

4) 44-бап мынадай мазмұндағы 11-тармақпен толықтырылсын:

"11. Бағалы ауыл шаруашылығы алқаптарын беруге тыйым салынады, оларға аквашаруашылық жүргізуге арналған суармалы ауыл шаруашылығы алқаптарының барлық түрлері, егістік, тыңайған жерлер және көпжылдық екпелер алып жатқан жерлер жатады.";

5) 48-баптың 1-тармағының 5-3) тармақшасындағы "балық шаруашылығын" деген сөздер "балық шаруашылығы мен аквашаруашылықты" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 49-2-баптың 1-тармағы "балық шаруашылығын" деген сөздерден кейін ", аквашаруашылықты" деген сөзбен толықтырылсын;

7) 81-баптың 3-тармағы мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

"5) жер қойнауын пайдалану құқығын жүзеге асыру мақсатында жер учаскесі берілген жер қойнауын пайдалану құқығының тоқтатылуы.";

8) 92-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы үшінші және төртінші бөліктермен толықтырылсын:

"Балық өсіру бассейндерін қоспағанда, балық өсіру тоғанын, балық өсіру объектісін , аквашаруашылықты жүргізуге байланысты ғимараттарды, құрылыстарды және өзге де құрылысжайлар мен конструкцияларды салуға арналған жер учаскесі оны беру туралы шешім қабылданған күннен бастап екі жыл (егер жобалау-сметалық құжаттамада немесе эскиздік жобада анағұрлым ұзақ мерзім көзделмесе) ішінде мақсаты бойынша пайдаланылмаған жағдайда, мұндай жер учаскесі осы Кодекстің 94-бабында көзделген тәртіппен мәжбүрлеп алып қоюға жатады.

Аквашаруашылық саласындағы балық өсіру-биологиялық негіздемеге сәйкес балық өсіру бассейнін орналастыруға арналған жер учаскесі оны беру туралы шешім қабылданған күннен бастап екі жыл ішінде мақсаты бойынша пайдаланылмаған жағдайда, мұндай жер учаскесі осы Кодекстің 94-бабында көзделген тәртіппен мәжбүрлеп алып қоюға жатады.";

9) 102-баптың 2-тармағында:

екінші бөлік "құрылыстар тұрғызу" деген сөздерден кейін ", Қазақстан Республикасының аквашаруашылық саласындағы заңнамасына сәйкес балық өсіру бассейнін орналастыру" деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші бөлік "және" деген сөзден кейін "балық өсіру бассейндерін пайдаланатын аквашаруашылық өнімін қоса алғанда," деген сөздермен толықтырылсын;

10) 105-баптың 3-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) балық өсіру бассейндерін орналастыру, балық өсіру тоғандарын, балық өсіру объектілерін, аквашаруашылықты жүргізуге байланысты ғимараттарды, құрылыстарды және өзге де құрылысжайлар мен конструкцияларды салу;"

11) 135-баптағы "балық, аңшылық шаруашылықтарының қажеттері" деген сөздер "аңшылық, балық шаруашылықтарының, аквашаруашылықтың мұқтажы" деген сөздермен ауыстырылсын;

12) 152-баптың 3-тармағының үшінші бөлігіндегі "іздістіру жұмыстары" деген сөздер "жұмыстар" деген сөзбен ауыстырылсын;

13) 153-баптың 1-тармағында:

2) тармақша ", ауыл шаруашылығын жүргізуге байланысты емес мақсаттар үшін ауыл шаруашылығы алқаптарын алып қою кезіндегі ауыл шаруашылығы өндірісінің ысырабын айқындауды, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің паспорттарын дайындауды, бүлінген және тозған жерлердің сапалық жай-күйін қалпына келтіру жөніндегі жобалау-зерттеу жұмыстарын жүргізуді, елді мекендердің жерлерін қоспағанда, жер учаскелерінің кадастрлық (бағалау) құнын айқындауды қамтитын, жерлерді мемлекеттік кадастрлық бағалауды" деген сөздермен толықтырылсын;

4) тармақшада:

"мыналарды:" деген сөзден кейін "елді мекендердің" деген сөздермен толықтырылсын;

"; ауыл шаруашылығын жүргізуге байланысты емес мақсаттар үшін ауыл шаруашылығы алқаптарын алып қою кезіндегі ауыл шаруашылығы өндірісіндегі ысырапты анықтауды" деген сөздер алып тасталсын;

10) тармақшадағы "нөмірлер беруді;" деген сөздер "нөмірлер беруді қамтиды." деген сөздермен ауыстырылып, 11) тармақша алып тасталсын.

2. 2003 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Орман кодексіне:

1) 24-баптың 4-1) тармақшасы "балық шаруашылығын" деген сөздерден кейін "және балық өсіруді" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 31-баптың 1-2-тармағының 3) тармақшасы "балық шаруашылығын" деген сөздерден кейін "және балық өсіруді" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 88-баптың 1-тармағының 5) тармақшасы "балық шаруашылығын" деген сөздерден кейін "және балық өсіруді" деген сөздермен толықтырылсын;

4) 102-2-баптың 1, 2, 3 және 4-тармақтары "балық шаруашылығын" деген сөздерден кейін "және балық өсіруді" деген сөздермен толықтырылсын.

3. 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне:

1) 138-бап мынадай мазмұндағы 22-1) тармақшамен толықтырылсын:

"22-1) аквашаруашылық саласында;";

2) 236-баптың 2-тармағында:

2) тармақшадағы "балық шаруашылығына" деген сөздер "балық шаруашылығы мен аквашаруашылыққа" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) тармақшадағы "жасанды түрде балық өсіру" деген сөздер "аквашаруашылық" деген сөзбен ауыстырылсын.

4. 2021 жылғы 2 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Экология кодексіне:

1) 171-баптың 6) тармақшасындағы "орган – тұтас республика бойынша, ал оның" деген сөздер "орган мен балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган құзыреттері шегінде – тұтас республика бойынша, ал олардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 235-баптың 2-тармағындағы "балық, аңшылық шаруашылықтардың мұқтаждықтары" деген сөздер "аңшылық, балық шаруашылықтарының, аквашаруашылықтың мұқтажы" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 241-баптың 5-тармағында:

"Биоәртүрлілік" деген сөз "Балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қоспағанда, жануарлар дүниесінің биоәртүрлілігі" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Балық ресурстары мен басқа да су жануарларының биоәртүрлілігі шығынының орнын толтыруды орындау тәртібін балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган айқындайды.";

4) 245-баптың 5-тармағында:

"жануарлардың" деген сөзден кейін "және аквашаруашылық объектілерінің" деген сөздермен толықтырылсын;

"балық және аңшылық шаруашылық" деген сөздер "аңшылық және балық шаруашылықтарының, сондай-ақ аквашаруашылық" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 248-баптың 3-тармағы "мемлекеттік органның" деген сөздерден кейін "және (немесе) балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті органның" деген сөздермен толықтырылсын;

6) 249-баптың 1-тармағында:

бірінші бөлік "аумағында" деген сөзден кейін "балық ресурстары мен басқа да су жануарларын қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының аумағында балық ресурстары мен басқа да су жануарларын интродукциялауға, реинтродукциялауға және будандастыруға биологиялық негіздеме негізінде балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті органның рұқсаты бойынша ғылыми-зерттеу және шаруашылық мақсаттарында жол беріледі.";

7) 250-бапта:

бірінші бөлікте:

"әкелуге", "әкетуге" деген сөздер тиісінше "импорттауға", "экспорттауға және (немесе) кері экспорттауға" деген сөздермен ауыстырылсын;

"жататын" деген сөзден кейін ", балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияның қолданылу аясына жататын балық ресурстары мен басқа да су

жануарларын Қазақстан Республикасына импорттауға және Қазақстан Республикасынан экспорттауға және (немесе) кері экспорттауға балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен берілетін рұқсат бойынша жол беріледі.";

8) 251-баптың 3-тармағындағы "жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның" деген сөздер "өз құзыреттері шегінде уәкілетті мемлекеттік органдардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 252-баптың 3-тармағында:

"белгілеген" деген сөз "бекіткен" деген сөзбен ауыстырылсын;

"мемлекеттік орган" деген сөздерден кейін "мен балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган" деген сөздермен толықтырылсын;

10) 253-баптың 1-тармағы "мемлекеттік орган" деген сөздерден кейін "мен балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган өз құзыреттері шегінде" деген сөздермен толықтырылсын;

11) 254-баптың 2-тармағында:

бірінші бөліктегі "Жануарлардың" деген сөз "Балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қоспағанда, жануарлардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Балық ресурстарының және басқа да су жануарларының санын реттеу қағидаларын балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган бекітеді.";

12) 255-бапта:

7) тармақша "мемлекеттік органдарға" деген сөздерден кейін ", балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті органға" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Аквашаруашылық туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес көл-тауар және (немесе) тор қоршама шаруашылық қызметін жүргізу кезінде осы баптың бірінші бөлігінің 1), 6) және 7) тармақшаларында көзделген экологиялық талаптар сақталуы қажет.";

13) 257-бапта:

2-тармақ:

"мемлекеттік органға" деген сөздерден кейін "және (немесе) балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті органға" деген сөздермен толықтырылсын;

"мемлекеттік орган" деген сөздерден кейін "мен балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган өз құзыреттері шегінде" деген сөздермен толықтырылсын;

6-тармақ "мемлекеттік органның" деген сөздерден кейін "немесе балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті органның" деген сөздермен толықтырылсын;

14) 258-бапта:

1-тармақ "мемлекеттік орган" деген сөздерден кейін "мен балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган өз құзыреттері шегінде" деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақтағы "органның" деген сөз "орган мен балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті органның өз құзыреттері шегінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

15) 259-бапта:

2-тармақтың 4) тармақшасы "органның" деген сөзден кейін "немесе балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті органның" деген сөздермен толықтырылсын;

6-тармақтың екінші бөлігіндегі "жасалған мәміле туралы хабарлама" деген сөздер "немесе балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті органға жасалған мәміле туралы хабарламаны олардың құзыреттері шегінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

16) 269-баптың 2-тармағының 1) тармақшасы "мемлекеттік органмен" деген сөздерден кейін "және балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті органмен" деген сөздермен толықтырылсын;

17) 278-баптың 11-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Кеме қатынасы режимі жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен, балық шаруашылығы, су қорын қорғау және пайдалану саласындағы уәкілетті органдармен келісу бойынша белгіленеді.";

18) 279-баптың 4-тармағындағы "балық аулау мен" деген сөздер "балық аулауға, балық өсіруге және" деген сөздермен ауыстырылсын;

19) 365-баптың 1-тармағы 2) тармақшасының екінші бөлігі "балық аулау," деген сөздерден кейін "аквашаруашылық," деген сөзбен толықтырылсын;

20) 398-бапта:

2-тармақ "кәсіпшілігі," деген сөзден кейін "балық өсіру," деген сөздермен толықтырылсын;

7-тармақтың төртінші бөлігінің бірінші абзацы "және пайдалану," деген сөздерден кейін "балық шаруашылығы," деген сөздермен толықтырылсын;

9-тармақ "және пайдалану," деген сөздерден кейін "балық шаруашылығы," деген сөздермен толықтырылсын;

12-тармақтың 2) тармақшасы "және пайдалану," деген сөздерден кейін "балық шаруашылығы," деген сөздермен толықтырылсын.

5. "Аудиторлық қызмет туралы" 1998 жылғы 20 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына:

5-баптың 2-тармағының бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы он жетінші абзацпен толықтырылсын:

"инвестициялық тариф бойынша электр энергиясын сатып алуды жүзеге асыратын электр энергиясының көтерме сауда нарығы тұтынушыларының тізбесіне енгізілген электр энергиясын көтерме тұтынушылар (өнеркәсіптік объектілер);".

6. "Астық туралы" 2001 жылғы 19 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-бапта:

11-1) тармақша "резервтік қорын" деген сөздерден кейін "және жемдік қорды" деген сөздермен толықтырылсын;

14-2) тармақшадағы "және өткізуге" деген сөздер ", өткізуге және айырбастауға" деген сөздермен ауыстырылсын;

20) тармақшадағы "жануарлар мен құс" деген сөздер "ауыл шаруашылығы жануарларының" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 20-1) және 20-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"20-1) жемдік қор – жаңа егінге дейінгі маусымаралық кезеңде ауыл шаруашылығы жануарларының, сондай-ақ құрама-жем өндірісін жүзеге асыратын кәсіпорындардың жемдік астыққа қажеттіліктерін қамтамасыз ету мақсатында құрылатын астық қоры;

20-2) жемдік қорды басқару – астық нарығы жөніндегі оператордың жемдік астықты бюджет қаражаты есебінен астық қабылдау кәсіпорындарында сақтауды қамтамасыз етуге, сондай-ақ жемдік астықты сатып алуға, өткізуге және айырбастауға бағытталған қызметі";

2) 3-бап 10) тармақшасындағы "қамтамасыз ету болып табылады." деген сөздер "қамтамасыз ету;" деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 11) тармақшамен толықтырылсын:

"11) жемдік қорды сақтап тұруды қамтамасыз ету болып табылады.";

3) 4-бап мынадай мазмұндағы 4-4) тармақшамен толықтырылсын:

"4-4) жемдік қорды сақтау бойынша шығыстарды өтеу;"

4) 6-бап мынадай мазмұндағы 32-8) және 32-9) тармақшалармен толықтырылсын:

"32-8) жемдік қорды басқару жөніндегі қағидаларды әзірлеу және бекіту;

32-9) астық нарығы жөніндегі операторға жемдік қорды сақтау шығыстарын өтеу;"

5) 6-4-бапта:

5) тармақшадағы "және жемдік қорларды" деген сөздер "қорды" деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 7), 8) және 9) тармақшалармен толықтырылсын:

"7) астықтың резервтік қорын айырбастауды жүзеге асырады;

8) жемдік қорды айырбастауды жүзеге асырады;

9) жемдік қорды қалыптастыруға қатысады және оны сақтап тұруды қамтамасыз етеді.".

7. "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" 2001 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

60-баптың 2-тармағы бірінші бөлігінің 4-1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4-1) бір тоғанның су бетінің алаңы 0,15 гектардан аспайтын балық өсіру тоғанын орнатуды; су қорғау белдеулерінде балық өсіру объектілерін салуды; аквашаруашылық

жүргізу үшін басқа да объектілерді (контейнермен, блокпен және модульмен орындалатын ықшам кешендер, құрастырмалы-бұзылмалы конструкциялардан тұрғызылатын құрылысжайлар) орнатуды;"

8. "Электр энергетикасы туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-бап мынадай мазмұндағы 11-1) тармақшамен толықтырылсын:

"11-1) инвестициялық тариф – осы Заңда көзделген тәртіппен айқындалған, іске асырылуы 2023 жылғы 1 шілдеге дейін басталған инвестициялық жобалар бойынша инвестициялық міндеттемелерді жабу үшін электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан электр энергиясын сатып алуға арналған сағаттық тариф;"

2) 3-1-баптың 2-тармағындағы "Ұлттық басқарушы холдингке", "ұлттық басқарушы холдингке" деген сөздер тиісінше "Ұлттық әл-ауқат қорына", "Ұлттық әл-ауқат қорына" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 4-бапта:

1-5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1-5) инвестициялық тариф бойынша электр энергиясын сатып алуды жүзеге асыратын электр энергиясының көтерме сауда нарығының тұтынушылары (бұдан әрі – инвестициялық тарифті алушылар) тізбесін бекітеді;"

мынадай мазмұндағы 1-6) және 3) тармақшалармен толықтырылсын:

"1-6) инвестициялық тарифті қалыптастыру және ұсыну мерзімдерін белгілеу тәртібін айқындайды;"

"3) Қазақстан Республикасының Конституциясында, Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде өзіне жүктелген өзге де функцияларды орындайды.";

4) 10-бап мынадай мазмұндағы 2-2-тармақпен толықтырылсын:

"2-2. Осы баптың 2-тармағында көрсетілген жағдайларда жүйелік оператордың электр энергиясын сатып алу-сату шарты негізінде дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) кемінде жиырма бес пайызы тікелей немесе жанама түрде Ұлттық әл-ауқат қорына тиесілі, жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымнан электр энергиясын сатып алу-сатуды уәкілетті орган айқындаған тәртіппен жүзеге асыруына да құқығы бар.";

5) 12-1-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы он бірінші бөлікпен толықтырылсын:

"Электр энергиясына шекті тарифті айқындау кезінде дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) кемінде жиырма бес пайызы тікелей немесе жанама түрде Ұлттық әл-ауқат қорына тиесілі, жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымнан электр энергиясын сатып алуға байланысты шығындар есепке алынбайды.";

6) 13-бапта:

3-1-тармақ мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

"Дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) кемінде жиырма бес пайызы тікелей немесе жанама түрде Ұлттық әл-ауқат қорына тиесілі, жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымның осы Заңның 10-бабының 2-2-тармағында көрсетілген жағдайларда, сондай-ақ осы баптың 16-тармағында көрсетілген жағдайларда электр энергиясын сатуды жүзеге асыруына құқығы бар.";

3-2-тармақтың 2) тармақшасындағы "басқа" деген сөз "егер осы баптың 16-тармағында өзгеше көзделмесе, басқа" деген сөздермен ауыстырылсын;

7-2-тармақтың бірінші бөлігі "тұтынушылар" деген сөзден кейін ", оның ішінде инвестициялық тарифті алушылар" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 16-тармақпен толықтырылсын:

"16. Дауыс беретін акциялары (жарғылық капиталға қатысу үлестері) тікелей немесе жанама түрде Ұлттық әл-ауқат қорына тиесілі энергия өндіруші ұйым дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) кемінде жиырма бес пайызы тікелей немесе жанама түрде Ұлттық әл-ауқат қорына тиесілі, жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын басқа энергия өндіруші ұйымнан электр энергиясын сатып алу-сату шарты негізінде уәкілетті орган айқындаған тәртіппен электр энергиясын сатып алуға құқылы.";

7) 19-1-бапта:

3-тармақ мынадай мазмұндағы 2-2) тармақшамен толықтырылсын:

"2-2) инвестициялық тарифті алушыларға инвестициялық тариф бойынша электр энергиясын сатады;"

5-тармақта:

1) тармақшаның екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Бұл ретте:

жүйелік операторға қуатты автоматты түрде реттеу бойынша қызметтер көрсететін энергия өндіруші ұйымдар электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға электр энергиясын сатудан шарттық көлемнің (реттеу диапазонының) шамасына босатылады;

дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) кемінде жиырма бес пайызы тікелей немесе жанама түрде Ұлттық әл-ауқат қорына тиесілі, жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйым дауыс беретін акциялары (жарғылық капиталға қатысу үлестері) тікелей немесе жанама түрде Ұлттық әл-ауқат қорына тиесілі энергия өндіруші ұйымдарға осы Заңның 13-бабының 16-тармағына сәйкес жасалған электр энергиясын сатып алу-сату шарттарына сәйкес электр энергиясын сатуды жүзеге асыруға құқылы;"

7) тармақша "әкімшілері" деген сөзден кейін ", инвестициялық тарифті алушылар" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 18), 19) және 20) тармақшалармен толықтырылсын:

"18) электр энергиясын көтерме тұтынушылар (өнеркәсіптік объектілер) инвестициялық тарифті алу үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне негіздеуші материалдарды қоса бере отырып, өтінім береді. Өтінімді қарау нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі инвестициялық тарифті беру туралы шешім қабылдаған жағдайда, электр энергиясын көтерме тұтынушылар (өнеркәсіптік объектілер) инвестициялық тарифті алушылар тізбесіне енгізіледі. Қазақстан Республикасының Үкіметі инвестициялық тарифті алушылар тізбесін қалыптастыру және инвестициялық тарифті белгілеу кезінде іске асырылуы 2023 жылғы 1 шілдеге дейін басталған инвестициялық жобалар бойынша инвестициялық міндеттемелерді орындау мерзімінен аспайтын және жиынтығында өндірістік объект пайдалануға берілген кезден бастап он жылдан аспайтын инвестициялық тарифті беру мерзімін айқындау мақсатында осы тұтынушылар кірістілігінің нормасын ескереді;

19) инвестициялық тариф тиісті тұтынушы желілеріне қосылған энергия өндіруші ұйымның шекті тарифі бойынша электр энергиясын сатып алуға жұмсалатын шығындардың, электр энергиясын бірыңғай сатып алушының электр энергиясын сатудың жалпы көлеміндегі электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан тиісті тұтынушының сатып алу үлесі ескеріле отырып, электр энергиясын бірыңғай сатып алушының импорттық электр энергиясын сатып алуға және жаңартылатын энергия көздерін қолдауға жұмсаған шығындарының үлесі сомасының инвестициялық тарифті алушының тұтыну көлеміне арақатынасы ретінде айқындалады;

20) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен дивидендтер төленгенге дейін инвестициялық тарифтің қолданылу кезеңінде қызмет нәтижесінде алынған пайда туралы ақпарат бере отырып, инвестициялық тарифті нысаналы пайдалану фактісін анықтау үшін инвестициялық тарифті алушылар Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасына сәйкес жыл сайынғы негізде Қазақстан Республикасының Үкіметіне аудиторлық есепті және қаржы-шаруашылық қызметті талдауды Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен ұсынуға міндетті.";

мынадай мазмұндағы екінші, үшінші және төртінші бөліктермен толықтырылсын:

"Аудиторлық есепті және қаржы-шаруашылық қызметті талдауды ұсынбау, сондай-ақ инвестициялық тарифті нысаналы мақсатта пайдаланбауды анықтау фактісі инвестициялық тарифті берудің күшін жою және инвестициялық тарифті алушыны инвестициялық тарифті алушылар тізбесінен алып тастау үшін негіз болып табылады.

Инвестициялық тарифті қолдану нәтижесінде инвестициялық тарифті алушының шығындарын, оның ішінде инвестициялық міндеттемелерді жабу үшін жеткілікті пайда алынған жағдайда, инвестициялық тарифті алушылар электр энергиясын бірыңғай сатып алушының бағасы мен инвестициялық тарифтің айырмасы мөлшерінде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен есептелетін пайда болған

артық кірістен түскен қаражатты электр энергиясын бірыңғай сатып алушының пайдасына қайтаруды қамтамасыз етеді. Бұл жағдайда инвестициялық тарифті алушылар Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен инвестициялық тарифті тұтынушылар тізбесінен шығарылады.

Электр энергиясын бірыңғай сатып алушы алынған қаражатты тұтынушылар үшін электр энергиясына тарифті төмендетуге жұмсайды.";

8) 25-бап мынадай мазмұндағы 16, 17 және 18-тармақтармен толықтырылсын:

"16. Осы Заңның 10-бабының 2-2-тармағы 2028 жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданылады деп белгіленсін. Осы Заңның 10-бабының 2-2-тармағына сәйкес жасалған электр энергиясын сатып алу-сату шарттары жүйелік оператор мен дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) кемінде жиырма бес пайызы тікелей немесе жанама түрде Ұлттық әл-ауқат қорына тиесілі, жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады.

17. Осы Заңның 13-бабының 16-тармағы 2028 жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданылады деп белгіленсін. Осы Заңның 13-бабының 16-тармағына сәйкес жасалған электр энергиясын сатып алу-сату шарттары дауыс беретін акциялары (жарғылық капиталға қатысу үлестері) тікелей немесе жанама түрде Ұлттық әл-ауқат қорына тиесілі энергия өндіруші ұйымдар және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) кемінде жиырма бес пайызы тікелей немесе жанама түрде Ұлттық әл-ауқат қорына тиесілі, жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйым міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады.

18. Осы Заңның 19-1-бабы 5-тармағының 18) тармақшасы 2036 жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданылады деп белгіленсін. Осы Заңның 19-1-бабы 5-тармағының 18) тармақшасына сәйкес жасалған электр энергиясын сатып алу-сату шарттары олардың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін, бірақ инвестициялық тариф берілген күннен бастап он жылдан аспайтын мерзімде қолданылады.".

9. "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-бапта:

1) тармақша алып тасталсын;

16-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"16-1) балық қабылдау пункті – балық шаруашылығы субъектісі арнайы жабдықтаған, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ауланған балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қабылдауға, өлшеуге, есепке алуға, уақытша сақтауға және өткізуге арналған орын;"

мынадай мазмұндағы 16-2) және 16-3) тармақшалармен толықтырылсын:

"16-2) балық өсіру материалы – су айдындарына жіберілетін балық құртшабақтары (дернәсілдер, шабақтар және жасына қарай балықтардың басқа да топтары);

16-3) балық ресурстарын және басқа да су жануарларын пайдалануға арналған рұқсат – жеке және заңды тұлғаларға балық ресурстарын және басқа да су жануарларын пайдалануға, сондай-ақ ауланған балықтар мен басқа да су жануарларын, олардың бөліктері мен дериваттарын, оның ішінде балық аулау олжаларын әкетуге және өткізуге құқық беретін, белгіленген нысандағы құжат";

18) тармақшада:

"уәкілетті" деген сөз "балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті" деген сөздермен ауыстырылсын;

"белгілеген," деген сөзден кейін "балық ресурстарын және басқа да су жануарларын пайдалануға арналған рұқсат негізінде" деген сөздермен толықтырылсын;

23) тармақша алып тасталсын;

25) тармақшадағы "жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану" деген сөздер "балық шаруашылығы" деген сөздермен ауыстырылсын;

26) тармақшадағы "акваөсірумен, балық өсірумен," деген сөздер алып тасталсын; мынадай мазмұндағы 26-1) тармақшамен толықтырылсын:

"26-1) балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган – балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында басшылықты, сондай-ақ өз өкілеттіктері шегінде салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган";

28-1) тармақша алып тасталсын;

39) тармақша "рұқсаттың" деген сөзден кейін "немесе балық ресурстарын және басқа да су жануарларын пайдалануға арналған рұқсаттың" деген сөздермен толықтырылсын;

40) тармақшадағы "көлде тауарлы балық өсіру шаруашылықтарын, тор қоршамада балық өсіру шаруашылықтарын, тоғанда балық өсіру шаруашылықтарын және сумен қамтамасыз ету циклі тұйықталған балық өсіру шаруашылықтарын қоса алғанда," деген сөздер алып тасталсын;

42) және 43) тармақшалардағы ", уәкілетті орган ведомствосының және оның аумақтық бөлімшелерінің" деген сөздер "және балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті органның, олардың ведомстволарының және олардың аумақтық бөлімшелерінің өз құзыреттері шегінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

44) тармақша "(бұдан әрі – уәкілетті орган) –" деген сөздерден кейін "балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын;

47) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"47) жануарлар дүниесін пайдалануға арналған рұқсат – жеке және заңды тұлғаларға жануарлар дүниесін (балық ресурстары мен басқа да су жануарларын қоспағанда) пайдалануға, сондай-ақ жануарлар дүниесінің (балық ресурстары мен басқа да су жануарларын қоспағанда) ұстап алынған объектілерін, олардың бөліктері

мен дериваттарын, оның ішінде аңшылық олжаларын әкетуге және өткізуге құқық беретін, белгіленген нысандағы құжат";

62-2), 63-1), 71-2), 73-1) және 73-2) тармақшалар алып тасталсын;

75) тармақшадағы "уәкілетті органның және жергілікті атқарушы органдардың мамандандырылған ұйымдары (бұдан әрі – мамандандырылған ұйымдар)" деген сөздер "мамандандырылған ұйымдар" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 6-1-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1) аумақтық бөлімшелері бар ведомствосын қоса алғанда, балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган";

3) 6-2-баптағы "ведомствосын қоса алғанда, уәкілетті орган" деген сөздер "ведомстволарын қоса алғанда, уәкілетті орган мен балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 7-бапта:

мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

"Балық шаруашылығы субъектілері балықтар мен басқа да су жануарларын мониторингтеудің ақпараттық жүйесінде тіркеледі және оған балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен деректер мен мәліметтерді енгізеді.";

төртінші бөлік "мониторингін" деген сөзден кейін "балық шаруашылығы саласындағы" деген сөздермен толықтырылсын;

5) 9-баптың 1-тармағының бірінші бөлігінде:

7) тармақшадағы ", сондай-ақ шаруашылық қызметі нәтижесінде балық ресурстары мен басқа да су жануарларына келтірілетін және келтірілген зиянды, оның ішінде болмай қоймайтын зиянды өтеу мөлшерін есептеу" деген сөздер алып тасталсын;

8) тармақшадағы ", балықшы" деген сөз алып тасталсын;

12) тармақшадағы ", балық шаруашылықтарын" деген сөздер "шаруашылығын" деген сөзбен ауыстырылсын;

13) тармақшадағы "және балық шаруашылықтары" деген сөздер "шаруашылығы" деген сөзбен ауыстырылсын;

16), 20), 20-1), 21), 22), 23), 24), 29) және 30) тармақшалар алып тасталсын;

40) тармақшадағы ", сондай-ақ балықшылар мен балық шаруашылығы субъектілерінің қоғамдық бірлестіктерін" деген сөздер алып тасталсын;

43), 44), 47), 47-1), 47-2), 47-3), 47-4), 53) және 55) тармақшалар алып тасталсын;

57) тармақшадағы ", балық аулау" деген сөздер алып тасталсын;

58) тармақшадағы "және балық шаруашылығын жүргізу қағидаларын" деген сөздер алып тасталсын;

65), 65-2), 66) және 67) тармақшалар алып тасталсын;

74) тармақшадағы "балық шаруашылығы су айдындарының резервтік қорындағы және (немесе) учаскелер мен аңшылық алқаптардағы" деген сөздер "аңшылық алқаптардың резервтік қорындағы" деген сөздермен ауыстырылсын;

77), 77-1), 77-2), 77-4), 77-6), 77-9), 77-10), 77-12), 77-13), 77-14), 77-16), 77-17) және 77-18) тармақшалар алып тасталсын;

6) мынадай мазмұндағы 9-1-баппен толықтырылсын:

"9-1-бап. Балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті органның, оның аумақтық бөлімшелері бар ведомствосының құзыреті

Балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган:

1) өз құзыреті шегінде стратегиялық, реттеушілік, іске асыру және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асырады;

2) мемлекеттің Қазақстан Республикасының Президенті айқындаған ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттары және мемлекеттің Қазақстан Республикасының Үкіметі әзірлеген әлеуметтік-экономикалық саясатының, оның қорғаныс қабілетінің, қауіпсіздігінің, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етудің негізгі бағыттары негізінде және оларды орындау үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырады;

3) балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы жергілікті атқарушы органдарды үйлестіруді және оларға әдістемелік басшылықты жүзеге асырады;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және бекітеді;

5) балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы нормалар мен нормативтерді әзірлейді және бекітеді;

6) бұзылуы жедел ден қою шараларын қолдануға алып келетін талаптардың тізбесін айқындайды, сондай-ақ талаптардың нақты бұзылуына қатысты жедел ден қою шарасының нақты түрін, осы шараны қолдану мерзімін (қажет болған кезде) көрсете отырып айқындайды.

Бұзылуы жедел ден қою шараларын қолдануға алып келетін талаптардың тізбесіне Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 143-бабына сәйкес мемлекеттік бақылау нысанасы болып табылатын талаптар енгізіледі;

7) балық ресурстары мен басқа да су жануарларын пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелерін және Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасын бұзудан келтірілген зиянды өтеу мөлшерін айқындау, сондай-ақ шаруашылық қызмет салдарынан балық ресурстары мен

басқа да су жануарларына келтірілетін және келтірілген, оның ішінде болмай қоймайтын зиянның орнын толтыру мөлшерін есептеу әдістемесін әзірлейді және бекітеді;

8) Үшінші елдермен саудада Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің әкелуіне немесе әкетуіне тыйым салулар немесе шектеулер қолданылатын тауарлардың бірыңғай тізбесіне енгізілген жабайы тірі жануарларды (балықтарды және басқа да су жануарларын), оның ішінде сирек кездесетіндері мен жойылып кету қаупі төнгендерін Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан әкетуге арналған қорытындыны (рұқсат беру құжатын) береді;

9) Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияның қолданылу аясына кіретін балықтардың және басқа да су жануарларының түрлерін Қазақстан Республикасының аумағына импорттауға, Қазақстан Республикасының аумағынан экспорттауға және (немесе) кері экспорттауға рұқсаттар беруді жүзеге асырады;

10) балық ресурстарын және басқа да су жануарларын пайдалануға биологиялық негіздеме дайындау тәртібін әзірлейді және бекітеді;

11) қолдануға рұқсат етілген кәсіпшілік және кәсіпшілік емес балық аулау құралдарының түрлері мен тәсілдерінің тізбесін әзірлейді және бекітеді;

12) екі және одан көп облыста орналасқан балық шаруашылығы су айдындарында балық ресурстары мен басқа да су жануарларын қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында ғылыми зерттеулер мен жобалау-ізвестіру жұмыстарын жүргізуді ұйымдастырады және (немесе) қамтамасыз етеді;

13) балық аулауға тыйым салынған уылдырық шашу кезеңінде, сондай-ақ балық аулауға тыйым салынған су айдындарында және (немесе) учаскелерінде су көлігі қозғалысының тәртібін әзірлейді және бекітеді;

14) ішкі және сыртқы нарықтарда сауда жасау үшін бекіре тұқымдас балық түрлерінің уылдырығын таңбалау тәртібін және сыртқы нарықта бекіре тұқымдас балық түрлерінің уылдырығымен сауда жасауға арналған таңба нысанын әзірлеп, бекітеді және ішкі нарықта саудалауға таңба беруді жүзеге асырады;

15) интродукциялау, реинтродукциялау және будандастыру мақсатында аулауды, өсімін молайту мақсатында аулауды, балықтың қырылу қаупі бар су айдындарында және (немесе) учаскелерде аулауды жүзеге асырады және (немесе) ұйымдастырады, сондай-ақ бақылау үшін аулауды жүзеге асырады;

16) екі және одан көп облыста орналасқан балық шаруашылығы су айдындарында ғылыми-зерттеу үшін аулау мақсатында балық ресурстарын және басқа да су жануарларын, сондай-ақ сирек кездесетін және жойылып кету қаупі бар жануарлар түрлерін пайдалануға рұқсаттар береді;

17) Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасы талаптарының сақталуын айқындау мақсатында

жануарлар дүниесін (балық ресурстары және басқа да су жануарлары бөлігінде) пайдаланушылардың қызметін тексереді;

18) балық ресурстары мен басқа да су жануарлары бөлігінде жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асырады;

19) балықтардың қырылуына сөзсіз алып келетін қырылу қаупі туындаған және су объектілеріне немесе олардың бөліктеріне ағымдағы балық шаруашылығы мелиорациясын жүргізу жолымен мұндай қатердің бетін қайтару мүмкін болмаған жағдайларда ғылыми ұсынымдар негізінде балықтарды мелиорациялық аулау туралы шешім қабылдайды;

20) Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияның I және II қосымшаларына түрлері енгізілген жануарларды (балықтар мен басқа да су жануарларын) қолдан өсіру жөніндегі қызметті жүзеге асыру басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарламаларды қабылдауды жүзеге асырады;

21) су айдындарына балық жіберу, су объектілерінің балық шаруашылығы мелиорациясы жөніндегі жұмыстарды жүргізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

22) балық ресурстарын және басқа да су жануарларын, олардың бөліктері мен дериваттарын пайдалануға шектеулер мен тыйым салуларды белгілеу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

23) Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияның қолданылу аясына кіретін балықтар мен басқа да су жануарларының түрлерін Қазақстан Республикасының аумағына импорттауға, Қазақстан Республикасының аумағынан экспорттауға және (немесе) кері экспорттауға әкімшілік органның рұқсаттар беру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

24) балық аулау объектілерін алып қою квоталарын бөлу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

25) балық аулау қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

26) балық шаруашылығын жүргізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

27) балық ресурстарын және басқа да су жануарларын пайдалануға арналған рұқсаттарды беру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

28) балық ресурстарын және басқа да су жануарларын, олардың бөліктері мен дериваттарын пайдалануға шектеулер мен тыйым салуларды енгізу туралы шешім қабылдайды, тиісті ғылыми ұйымдар берген биологиялық негіздеме негізінде оларды пайдалану орындары мен мерзімдерін белгілейді;

29) балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін бекітіп беру жөнінде конкурс өткізу қағидаларын және конкурсқа қатысушыларға қойылатын біліктілік талаптарын әзірлейді және бекітеді;

30) балықтардың және басқа да су жануарларының сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген түрлерін, оның ішінде Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен

флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияның қолданылу аясына кіретін түрлерін еріксіз және жартылай ерікті жағдайларда ұстау, көбейту қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

31) балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) учаскелерінің резервтік қорында балық ресурстары мен басқа да су жануарларының өсімін молайтуды және оларды мемлекеттік есепке алуды ұйымдастырады және қамтамасыз етеді;

32) жергілікті атқарушы органдарға балық ресурстары және басқа да су жануарлары бөлігінде жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асырады;

33) балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы аккредиттелген ғылыми ұйымдардың ұсынымы бойынша тыйым салудың жалпы ұзақтығын өзгертпестен, балық ресурстарын және басқа да су жануарларын алып қоюға тыйым салу мерзімін табиғи-климаттық жағдайларға байланысты қайсыбір жағына күнтізбелік он бес күнге ауыстыру туралы шешім қабылдайды;

34) халықаралық, республикалық және жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін бекітіп беру жөнінде конкурс өткізеді;

35) эпизоотияны болғызбау мақсатында сирек кездесетіндерден және жойылып кету қаупі төнгендерден басқа, балықтар мен басқа да су жануарларын пайдалану қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

36) балықтар мен басқа да су жануарларын мониторингтеу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

37) балық аулауды жүргізу үшін бекітіп берілген балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін балық өсіруді жүргізуге арналған балық шаруашылығы су айдындарына және (немесе) учаскелеріне ауыстыру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

38) Үшінші елдермен саудада Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің әкелуіне немесе әкетуіне тыйым салулар немесе шектеулер қолданылатын тауарлардың бірыңғай тізбесіне енгізілген жабайы тірі жануарларды (балықтарды және басқа да су жануарларын), оның ішінде сирек кездесетіндері мен жойылып кету қаупі төнгендерін Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан экспорттауға арналған лицензияны береді;

39) балық шаруашылығын жүргізуге шарттар жасайды;

40) балық аулау аймағында және ортақ су кеңістігінде су биологиялық ресурстарын аулау мақсатында балық ресурстарын және басқа да су жануарларын пайдалануға рұқсат береді;

41) халықаралық, республикалық және жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін бекітіп беру және (немесе) бекітіп беру мерзімдерін ұзарту жөнінде шешімдер қабылдайды;

42) балық аулауды жүргізу үшін бекітіп берілген балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін балық өсіруді жүргізуге арналған балық шаруашылығы су айдындарына және (немесе) учаскелеріне ауыстыру жөнінде шешімдер қабылдайды;

43) су тарту және су ағызу құрылысжайларының балықтарды қорғау құрылғыларына қойылатын талаптарды әзірлеп, бекітеді және оларды орнатуды келіседі;

44) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ведомство және оның аумақтық бөлімшелері өз қызметін балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган белгілеген құзырет шегінде жүзеге асырады.";

7) 10-баптың 2-тармағында:

5-7) тармақшадағы "ұсынымдар" деген сөз "зерттеулер" деген сөзбен ауыстырылсын;

5-10) тармақша "пайдалануға рұқсат" деген сөздерден кейін "немесе балық ресурстары мен басқа да су жануарларын пайдалануға рұқсат" деген сөздермен толықтырылсын;

5-12) тармақша "жағдайларда" деген сөзден кейін "балық шаруашылығы саласындағы" деген сөздермен толықтырылсын;

5-13), 5-14) және 5-16) тармақшалар алып тасталсын;

8) 11-1-баптың 5-тармағы "келісу бойынша" деген сөздерден кейін "балық шаруашылығы саласындағы" деген сөздермен толықтырылсын;

9) 14-баптың 3-тармағында:

8) тармақша "арналған рұқсаттарда" деген сөздерден кейін ", балық ресурстарын және басқа да су жануарларын пайдалануға арналған рұқсаттарда" деген сөздермен толықтырылсын;

11) тармақша "уәкілетті органның" деген сөздерден кейін "немесе балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті органның" деген сөздермен толықтырылсын;

10) 17-баптың 3-тармағында:

1) тармақша "уәкілетті органмен келісім бойынша" деген сөздер "өз құзыреттері шегінде уәкілетті органмен немесе балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) тармақшада:

"болмай қоймайтын зиянды" деген сөздерден кейін "балық шаруашылығы саласындағы" деген сөздермен толықтырылсын;

"ғылыми зерттеулерді" деген сөздерден кейін ", сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген балықтар мен басқа да су жануарларын қорғау жөніндегі іс-шараларды" деген сөздермен толықтырылсын;

"уәкілетті орган" деген сөздер "балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган ведомствосының шешімі бойынша осы баптың 1 және 2-тармақтарында көрсетілген шаруашылық және өзге де қызметті жүзеге асыратын субъектілер құрылыс салуды, реконструкциялауды (жаңғыртуды) және оны материалдық-техникалық жабдықтауды қаржыландыру үшін өсімді молайту кешенінің мемлекеттік кәсіпорындарының шоттарына қаражат аудару арқылы осы тармақтың бірінші бөлігінің 2) тармақшасында көзделген зиянның өтемақысын өтейді.";

11) 19-бапта:

2-2-тармақ алып тасталсын;

4-тармақтағы ", оның ішінде көлде тауарлы балық өсіру шаруашылықтарында, тор қоршамада балық өсіру шаруашылықтарында, тоғанда балық өсіру шаруашылықтарында және сумен қамтамасыз ету циклі тұйықталған балық өсіру шаруашылықтарында" деген сөздер алып тасталсын;

12) 21-бапта:

3-тармақ "болмаған жағдайларда" деген сөздерден кейін "балық шаруашылығы саласындағы" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Балықтар мен басқа да су жануарларының жаппай қырылу қаупін болғызбау, сондай-ақ қырылып қалу салдарын жою үшін көмек көрсету балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.";

13) 22-бапта:

4-тармақта:

бірінші бөлік "Жануарлар дүниесін" деген сөздерден кейін "(балық ресурстары мен басқа да су жануарларын қоспағанда)" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Жануарлар дүниесі объектілерін (балық аулау объектілерін қоспағанда) ғылыми зерттеулер үшін алып қою квотасын уәкілетті орган бекіткен аулау объектісі болып табылатын жануарлар түрлерін алып қою лимиті шегінде аңшылар мен аңшылық шаруашылығының субъектілері қоғамдық бірлестіктерінің республикалық қауымдастықтары белгілейді.";

мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:

"4-1. Балық ресурстарын және басқа да су жануарларын ғылыми-зерттеу мақсатында пайдалану жылдың кез келген уақытында және балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган немесе жергілікті атқарушы орган берген балық ресурстарын және басқа да су жануарларын пайдалануға арналған рұқсат негізінде рұқсат етілген аулау құралдарымен жүзеге асырылады.

Балық аулау объектілерін ғылыми зерттеулер үшін алып қою квотасын балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган бекіткен балық ресурстары мен басқа да су жануарларын алып қою лимиті шегінде балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелері белгілейді.";

14) 22-1-баптың 1-тармағы "байқауларды" деген сөзден кейін "балық шаруашылығы саласындағы" деген сөздермен толықтырылсын;

15) 25-баптың 2-тармағында:

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасында көрсетілген мерзімдер құрамына уәкілетті органның немесе аумақтық бөлімшелерімен бірге ведомствоның, облыстың жергілікті атқарушы органының, ғылыми ұйымдардың және аңшылар мен аңшылық шаруашылығы субъектілері қоғамдық бірлестіктерінің республикалық қауымдастықтарының өкілдері енгізілетін конкурстық комиссия шаруашылықаралық аңшылықты ұйымдастыру, аңшылық алқаптарды бекітіп беруге арналған конкурсқа қатысушыларға қойылатын біліктілік талаптары, аңшылық шаруашылығы субъектілерін дамыту жоспары негізінде айқындайтын аңшылық алқаптарды бекітіп беру кезеңіне байланысты белгілейді.";

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Осы тармақтың бірінші бөлігінің 2) тармақшасында көрсетілген мерзімдерді балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық бөлімшелері балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін паспорттау негізінде белгілейді.";

16) 26-бапта:

1-тармақ "рұқсаттар" деген сөзден кейін "және балық ресурстары мен басқа да су жануарларын пайдалануға арналған рұқсаттар" деген сөздермен толықтырылсын;

1-3-тармақта:

бірінші бөлікте:

"жануарлар дүниесін" деген сөздер "балық ресурстары мен басқа да су жануарларын" деген сөздермен ауыстырылсын;

"уәкілетті" деген сөз "балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлік алып тасталсын;

үшінші бөліктегі ", сондай-ақ қолдан өсірумен айналысатын ұйымның жобалық қуаты" деген сөздер алып тасталсын;

17) 27-бапта:

1-тармақта:

8) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"8) "Аквашаруашылық туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген талаптарға сәйкес болған кезде балық аулауды жүргізу үшін өздеріне бекітіп берілген

балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) олардың учаскелерін балық өсіруді жүргізуге арналған балық шаруашылығы су айдындарына және (немесе) олардың учаскелеріне ауыстыруға құқығы бар.";

9) тармақша алып тасталсын;

2-тармақта:

бірінші бөлікте:

мынадай мазмұндағы 7-2) тармақшамен толықтырылсын:

"7-2) балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті органға мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша бекітілген әкімшілік деректерді жинауға арналған нысандарға сәйкес әкімшілік деректерді ұсынуға;"

11) тармақшаның екінші абзацындағы "уәкілетті" деген сөз "балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті" деген сөздермен ауыстырылсын;

14) тармақшада:

"шаруашылығы су айдынында және (немесе) учаскесінде, кемеде (балық аулайтын және көліктік)," деген сөздер алып тасталсын;

"уәкілетті" деген сөз "балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті" деген сөздермен ауыстырылсын;

16) тармақшадағы "уәкілетті орган белгілеген" деген сөздер "балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган белгілеген" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлік "уәкілетті органның" деген сөздерден кейін "немесе балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті органның" деген сөздермен толықтырылсын;

18) 29-бапта:

1-тармақта:

екінші бөлікте:

"олардың санының есеп материалдары, жануарлар дүниесі объектілерінің және олар мекендейтін ортаның мониторингі, ғылыми зерттеулер" деген сөздер "жануарлар дүниесі объектілерінің санын есепке алу, оларды және олар мекендейтін ортаны мониторингтеу, ғылыми зерттеулер материалдарының" деген сөздермен ауыстырылсын ;

"уәкілетті орган" деген сөздерден кейін "немесе балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган құзыреті шегінде" деген сөздермен толықтырылсын;

төртінші бөліктегі "ағымдағы жылдың 1 шілдесінен бастап келесі жылдың 1 шілдесіне дейінгі кезеңге" деген сөздер "тиісті жылдың 1 қаңтарынан бастап 31 желтоқсаны кезеңіне" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақта:

бірінші бөлікте:

", сондай-ақ балық аулаушылар мен балық шаруашылығы субъектілері қоғамдық бірлестіктерінің" деген сөздер алып тасталсын;

"белгілейтін" деген сөзден кейін ", балық аулау объектілерін қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын;

"жануарлар дүниесі объектілерін" деген сөздер "аң аулау объектісі болып табылатын жануарлар дүниесі объектілерін" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелері белгілейтін балық ресурстарын және басқа да су жануарларын алып қою лимитінің бөлігі балық аулау объектілерін алып қою квотасы болып табылады.";

екінші бөліктегі "көлдегі тауарлы балық өсіру шаруашылығында" деген сөздер "көл-тауар шаруашылық қызметін жүзеге асыру кезінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

19) 33-1-бапта:

2-тармақтың екінші бөлігі "уәкілетті орган" деген сөздерден кейін ", балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган" деген сөздермен толықтырылсын;

4-тармақта:

1) тармақшада:

"акваөсіруді" деген сөз "аквашаруашылықты" деген сөзбен ауыстырылсын;

"жануарлар түрлерінің" деген сөздер "балық ресурстары мен басқа да су жануарларының" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) және 6) тармақшалар алып тасталсын;

20) 34-бапта:

5-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Көл-тауар және (немесе) тор қоршама шаруашылық қызметі үшін пайдаланылатын балық шаруашылығы су айдындарында және (немесе) учаскелерінде бақылау үшін аулау балық аулау қағидаларына сәйкес аквашаруашылық саласындағы балық өсіру-биологиялық негіздемеде көрсетілген өсірілетін балықтардың көлемін және түрлік құрамның сәйкестігін айқындау мақсатында жүзеге асырылады.";

6-тармақтың екінші бөлігіндегі "көлде тауарлы балық өсіру шаруашылығын жүргізу кезінде ғылыми ұсынымдар" деген сөздер "көл-тауар шаруашылық қызметін жүргізу кезінде аквашаруашылық саласындағы балық өсіру-биологиялық негіздеме" деген сөздермен ауыстырылсын;

21) 35-бапта:

1-тармақта:

1) тармақшадағы "жануарлар дүниесін" деген сөздер "балық ресурстары және басқа да су жануарларын" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) тармақшадағы "ведомствоның" деген сөз "балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган ведомствосының" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтағы "жануарлар дүниесін" деген сөздер "балық ресурстарын және басқа да су жануарларын" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақта:

"аулауды" деген сөзден кейін "балық шаруашылығы саласындағы" деген сөздермен толықтырылсын;

"жануарлар дүниесін" деген сөздер "балық ресурстарын және басқа да су жануарларын" деген сөздермен ауыстырылсын;

22) 36-бап алып тасталсын;

23) 37-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Аңшылық шаруашылығын жүргізу құқығы облыстың жергілікті атқарушы органының аңшылық алқаптарды бекітіп беру туралы шешімі, сондай-ақ уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі мен жануарлар дүниесін пайдаланушы арасында жасалатын аңшылық шаруашылығын жүргізуге арналған шарт негізінде Қазақстан Республикасының азаматтарына және Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларына беріледі.

Балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін бекітіп бере отырып, балық шаруашылығын жүргізу құқығы балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган ведомствосының немесе оның аумақтық бөлімшесінің балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін бекітіп беру туралы шешімі, сондай-ақ балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі мен жануарлар дүниесін пайдаланушы арасында жасалатын балық шаруашылығын жүргізуге арналған шарт негізінде Қазақстан Республикасының азаматтарына және Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларына беріледі.";

2-тармақ "пайдалануға рұқсат" деген сөздерден кейін "және балық ресурстары мен басқа да су жануарларын пайдалануға рұқсат" деген сөздермен толықтырылсын;

24) 39-бапта:

1-тармақта:

бірінші бөлікте:

", тоғандар" деген сөз алып тасталсын;

"балық ресурстарын және басқа да су жануарларын аулау, көбейту және өсіру үшін" деген сөздер "балық аулау және (немесе) балық өсіру үшін" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлікте:

"балық аулау" деген сөздерден кейін "және балық өсіру" деген сөздермен толықтырылсын;

орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

3-тармақтың үшінші бөлігіндегі "облыстық" деген сөз "жергілікті" деген сөзбен ауыстырылсын;

3-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3-1. Көл-тауар және (немесе) тор қоршама шаруашылық қызметін жүзеге асыруға арналған балық шаруашылығы су айдындары және (немесе) учаскелері "Аквашаруашылық туралы" Қазақстан Республикасының Заңында айқындалған тәртіппен беріледі.";

4-тармақта:

бірінші бөлікте:

11) тармақша "жерлерде" деген сөзден кейін "балық шаруашылығы саласындағы" деген сөздермен толықтырылсын;

12) тармақшадағы "жануарлар дүниесін" деген сөздер "балық ресурстары мен басқа да су жануарларын" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Аквашаруашылық туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес көл-тауар және (немесе) тор қоршама шаруашылық қызметін жүргізу үшін аквашаруашылық субъектілеріне белгіленген тәртіппен берілген балық шаруашылығы су айдындарында және (немесе) учаскелерінде осы тармақтың бірінші бөлігінің 2) және 5) тармақшаларында көзделген әрекеттерге тыйым салынады.";

5-тармақта:

3) тармақшадағы "уәкілетті" деген сөз "балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) тармақшадағы "жануарлар дүниесін" деген сөздер "балық ресурстары мен басқа да су жануарларын" деген сөздермен ауыстырылсын;

13) тармақшадағы "уәкілетті" деген сөз "балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті" деген сөздермен ауыстырылсын;

15) тармақшадағы "уәкілетті" деген сөз "балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті" деген сөздермен ауыстырылсын;

25) 39-2-бап алып тасталсын;

26) 40-бапта:

1-тармақта:

екінші бөліктегі "уәкілетті" деген сөз "балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті" деген сөздермен ауыстырылсын;

жетінші бөлікте:

"Жеке және" деген сөздер "Ащы-тұзды балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін қоспағанда, жеке және" деген сөздермен ауыстырылсын;

"ведомствоның" деген сөз "балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган ведомствосының" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы сегізінші бөлікпен толықтырылсын:

"Бекітіп беру мерзімі аяқталатын балық шаруашылығы су айдындары және (немесе) учаскелері шарт міндеттемелеріне және балық шаруашылығы субъектілерін дамыту

жоспарына сәйкес келген жағдайда, олар бұрын бекітіп берілген тұлғалардың өтінімі бойынша конкурс өткізілместен, шартты ұзарту арқылы беріледі.";

сегізінші бөліктегі "өтіп бара жатқан аңшылық алқаптар мен балық шаруашылығы су айдындары және (немесе) учаскелері" деген сөздер "аяқталатын аңшылық алқаптар" деген сөздермен ауыстырылсын;

оныншы бөлік "мерзімге" деген сөзден кейін "балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган ведомствосының немесе оның аумақтық бөлімшелерінің шешімімен конкурс өткізбестен" деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақта:

2) тармақшадағы "балық өсіру үшін балық шаруашылығын жүргізуді қоспағанда," деген сөздер алып тасталсын;

3) тармақшадағы "дейінгі;" деген сөз "дейінгі мерзімді құрайды." деген сөздермен ауыстырылып, 4) тармақша алып тасталсын;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Балық шаруашылығын жүргізуге арналған шарт бойынша құқықтар мен міндеттемелерді үшінші тұлғаларға беруге және (немесе) басқаға беруге жол берілмейді, бұған бірігу, қосылу немесе қайта құру нысанында заңды тұлғаны қайта ұйымдастыру және (немесе) осындай құқықтар мен міндеттемелердің мұрагерлік бойынша әмбебап құқықтық мирасқорлық тәртібімен үшінші тұлғаға ауысуы жағдайлары кірмейді.";

27) 40-1-бап алып тасталсын;

28) 42-1-бап "уәкілетті орган" деген сөздерден кейін "және балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган" деген сөздермен толықтырылсын;

29) 43-1-баптың екінші бөлігіндегі "жануарлар дүниесін" деген сөздер ", балық ресурстары мен басқа да су жануарларын" деген сөздермен ауыстырылсын;

30) 43-2-бап алып тасталсын;

31) 49-бапта:

4-тармақтағы ", ведомство және оның аумақтық бөлімшелері" деген сөздер "және балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган, ведомстволар және олардың аумақтық бөлімшелері" деген сөздермен ауыстырылсын;

10-тармақтың 3) тармақшасындағы ", ведомство немесе оның аумақтық бөлімшесі" деген сөздер "немесе балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган, ведомстволар немесе олардың аумақтық бөлімшелері" деген сөздермен ауыстырылсын;

12-тармақтағы ", ведомствоға немесе оның аумақтық бөлімшесіне" деген сөздер "немесе балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті органға, ведомстволарға және олардың аумақтық бөлімшелеріне" деген сөздермен ауыстырылсын;

32) 49-1-бапта:

2-тармақтың екінші бөлігінің екінші абзацында:

"уәкілетті" деген сөз "балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті" деген сөздермен ауыстырылсын;

"балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы" деген сөздер алып тасталсын;

3-тармақта:

бірінші абзацтағы "Уәкілетті" деген сөз "Балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) және 4) тармақшалардағы "жануарлар дүниесін" деген сөздер "балық ресурстарын және басқа да су жануарларын" деген сөздермен ауыстырылсын;

33) 49-2-бапта:

5-тармақтың бірінші бөлігі "уәкілетті орган" деген сөздерден кейін "немесе балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган" деген сөздермен толықтырылсын;

14-тармақтың 3) тармақшасындағы "ведомствосының немесе оның" деген сөздер "немесе балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган ведомствосының немесе олардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

34) 49-3-бапта:

2-тармақта:

бірінші бөлік "уәкілетті орган" деген сөздерден кейін "немесе балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган" деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші бөліктегі "ведомствосы мен оның аумақтық бөлімшесінің" деген сөздер "немесе балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті органның ведомствосы мен олардың аумақтық бөлімшелерінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

жетінші бөлікте:

"басшылығының немесе уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі басшысының" деген сөздер "немесе балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті органның ведомствосы басшылығының немесе олардың аумақтық бөлімшелері басшыларының" деген сөздермен ауыстырылсын;

"оның аумақтық бөлімшесі" деген сөздер "балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті органның ведомствосы немесе олардың аумақтық бөлімшелерінің басшылары" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтың бірінші бөлігінің 2) тармақшасындағы "және (немесе) оның аумақтық бөлімшесінің" деген сөздер "немесе балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган ведомствосының және (немесе) олардың аумақтық бөлімшелерінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтың екінші бөлігіндегі "басшылығы немесе уәкілетті органның ведомствосы аумақтық бөлімшесінің басшысы" деген сөздер "немесе балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган ведомствосының басшылығы немесе олардың аумақтық бөлімшелерінің басшылары" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақтың екінші бөлігіндегі "оның аумақтық бөлімшесі" деген сөздер "балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті органның ведомствосы немесе олардың аумақтық бөлімшелері" деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақтың екінші бөлігінде:

"басшылығының немесе уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі басшысының" деген сөздер "немесе балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган ведомствосы басшылығының немесе олардың аумақтық бөлімшелері басшыларының" деген сөздермен ауыстырылсын;

"ведомствосы немесе оның аумақтық бөлімшесі" деген сөздер "немесе балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті органның ведомствосы немесе олардың аумақтық бөлімшелері" деген сөздермен ауыстырылсын;

9-тармақта:

екінші бөліктегі "оның аумақтық бөлімшесінде" деген сөздер "балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті органның ведомствосында немесе олардың аумақтық бөлімшелерінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөліктегі "оның аумақтық бөлімшесіне" деген сөздер "балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті органның ведомствосына немесе олардың аумақтық бөлімшелеріне" деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші бөліктегі "ведомствосы немесе оның аумақтық бөлімшесі" деген сөздер "немесе балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті органның ведомствосы немесе олардың аумақтық бөлімшелері өз құзыреттері шегінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

11-тармақта:

бірінші бөліктегі "оның аумақтық бөлімшесінде" деген сөздер "балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті органның ведомствосында немесе олардың аумақтық бөлімшелерінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктегі "ведомствосына немесе оның аумақтық бөлімшесіне" деген сөздер "немесе балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті органның ведомствосына немесе олардың аумақтық бөлімшелеріне" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөліктегі "ведомствосы немесе оның аумақтық бөлімшесі" деген сөздер "немесе балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті органның ведомствосы немесе олардың аумақтық бөлімшелері өз құзыреттері шегінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

14-тармақта:

екінші бөліктегі "ведомствосына және (немесе) оның аумақтық бөлімшесіне" деген сөздер "немесе балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті органның ведомствосына және (немесе) олардың аумақтық бөлімшелеріне" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөліктегі "ведомствосы және (немесе) оның аумақтық бөлімшесі" деген сөздер "немесе балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті органның ведомствосы және (немесе) олардың аумақтық бөлімшелері" деген сөздермен ауыстырылсын;

15-тармақтың бірінші абзацындағы "және (немесе) оның аумақтық бөлімшесінің" деген сөздер "немесе балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган ведомствосының және (немесе) олардың аумақтық бөлімшелерінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

16-тармақтың бірінші абзацы "Уәкілетті органның" деген сөздерден кейін "немесе балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті органның" деген сөздермен толықтырылсын;

17-тармақта:

2) тармақшадағы "оның аумақтық бөлімшесіне" деген сөздер "балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті органның ведомствосына немесе олардың аумақтық бөлімшелеріне" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) және 4) тармақшалардағы "оның аумақтық бөлімшесінің" деген сөздер "балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган ведомствосының немесе олардың аумақтық бөлімшелерінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

18-тармақта:

1) тармақшадағы "оның аумақтық бөлімшесінің" деген сөздер "балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган ведомствосының немесе олардың аумақтық бөлімшелерінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) тармақшадағы "уәкілетті органның" деген сөздер "уәкілетті орган ведомствосының немесе балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган ведомствосының" деген сөздермен ауыстырылсын;

19-тармақтағы "оның аумақтық бөлімшесінің" деген сөздер "балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган ведомствосының немесе олардың аумақтық бөлімшелерінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

35) 50-баптың 5) тармақшасындағы "шарт пен" деген сөздер "шарт, рұқсат және балық ресурстары мен басқа да су жануарларын пайдалануға арналған" деген сөздермен ауыстырылсын;

36) 51-бапта:

1-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган ведомствосының басшысы лауазымы бойынша бір мезгілде Қазақстан Республикасының балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қорғау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторы болып табылады.";

2-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган ведомствосы басшысының балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қорғау, өсімін молайту және

пайдалану саласында реттеу, бақылау және қадағалау мәселелерімен айналысатын орынбасарлары лауазымы бойынша бір мезгілде Қазақстан Республикасының балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қорғау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторының орынбасарлары болып табылады.";

3-тармақта:

"(бассейннің)" деген сөз алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган ведомствосы аумақтық бөлімшесінің басшысы лауазымы бойынша бір мезгілде тиісті облыстың (бассейннің) балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қорғау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторы болып табылады.";

4-тармақта:

"(бассейннің)" деген сөз алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган ведомствосы аумақтық бөлімшесі басшысының балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында реттеу, бақылау және қадағалау мәселелерімен айналысатын орынбасарлары лауазымы бойынша бір мезгілде тиісті облыстың (бассейннің) балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қорғау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторының орынбасарлары болып табылады.";

5-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган ведомствосы құрылымдық бөлімшелерінің балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында реттеу, бақылау және қадағалау мәселелерімен айналысатын басшылары – лауазымы бойынша бір мезгілде Қазақстан Республикасының балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қорғау жөніндегі аға мемлекеттік инспекторлары, ал балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган ведомствосының балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында реттеу, бақылау және қадағалау мәселелерімен айналысатын мамандары Қазақстан Республикасының балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлары болып табылады.";

6-тармақта:

"(бассейннің)" деген сөз алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелері құрылымдық бөлімшелерінің балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында реттеу, бақылау және қадағалау мәселелерімен айналысатын басшылары – лауазымы бойынша бір мезгілде тиісті облыстың (бассейннің) балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қорғау

жөніндегі аға мемлекеттік инспекторлары, ал балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында реттеу, бақылау және қадағалау мәселелерімен айналысатын мамандар тиісті облыстың (бассейннің) балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлары болып табылады.";

37) 53-баптағы "және оның" деген сөздер "немесе балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган ведомствосының және олардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

38) 54-баптағы "және оның" деген сөздер "немесе балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган ведомствосының және олардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

39) 55-баптың 3-тармағының 2) тармақшасы "уәкілетті" деген сөзден кейін "органға , балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті органға" деген сөздермен толықтырылсын;

40) 56-баптың 2-тармағында:

1) тармақша "ведомствосының" деген сөзден кейін "немесе балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган ведомствосының" деген сөздермен толықтырылсын;

5) тармақша "мемлекеттік инспекторға" деген сөздерден кейін ", балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторға" деген сөздермен толықтырылсын.

10. "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-бапта:

3) тармақша "балық шаруашылығы" деген сөздерден кейін "және аквашаруашылық" деген сөздермен толықтырылсын;

4) тармақша алып тасталсын;

6-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"6-1) агроөнеркәсіптік кешен саласындағы қарсы міндеттемелер – мемлекеттік қолдау шараларын алған кезде қабылданатын агроөнеркәсіптік кешен субъектісінің міндеттемелері;"

мынадай мазмұндағы 6-4) және 6-5) тармақшалармен толықтырылсын:

"6-4) агроөнеркәсіптік кешен субъектілері – агроөнеркәсіптік кешенде қызметін жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар;

6-5) агротехникалық (дақылдық-техникалық) мелиорациялық іс-шаралар – өзіне:

мелиорацияланатын жерлерді ағашты және шөптесін өсімдіктерден, тастардан және өзге де заттардан тазартуды;

терең қопсытуды, құмдауыттандыруды, топырақтандыруды, плантаждауды, сазбалшықтандыруды;

топырақты қорғау іс-шараларын қамтитын, жерді түбегейлі жақсарту жөніндегі техникалық іс-шаралар кешені;";

13) тармақша "қайта өңдеу" деген сөздерден кейін "және балық аулау объектілерін қайта өңдеу (өңдеу)" деген сөздермен толықтырылсын;

26) тармақша "балық шаруашылығы" деген сөздерден кейін ", аквашаруашылық" деген сөзбен толықтырылсын;

2) 6-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 41-15) және 41-16) тармақшалармен толықтырылсын:

"41-15) өз құзыреті шегінде агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарына кепілдік беру кезінде комиссияның бір бөлігін және қарыздарын сақтандыру кезінде сақтандыру сыйлықақыларының бір бөлігін өтеу;

41-16) агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне кредит және лизинг беру кезінде қаржы институттарының сыйақы мөлшерлемелерін тікелей субсидиялауды жүзеге асыру;";

3) 7-баптың 2-тармағында:

12-4) тармақшадағы "агроөнеркәсіптік" деген сөз "құзыреті шегінде агроөнеркәсіптік" деген сөздермен ауыстырылсын;

13) тармақшаның төртінші абзацындағы "тоған, тауарлы көл, балық өсіретін су шаруашылықтарын" деген сөздер "балық шаруашылығын, аквашаруашылықты" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 9-бапта:

1-тармақтағы "сондай-ақ, өсімдік шаруашылығын, мал шаруашылығын, балық шаруашылығын, ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өңдеуді және тамақ өнеркәсібін дамыту үшін жағдай жасау арқылы ауыл халқының тұрмыс деңгейін көтеруге, ветеринариялық-санитариялық және фитосанитариялық қауіпсіздікті, техникалық жарақтандыру мен басқа да ілеспе қызмет салаларын қамтамасыз етуге, ауылдық аумақтардың әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымын дамытуға" деген сөздер "сондай-ақ өсімдік шаруашылығын, мал шаруашылығын, балық шаруашылығын және аквашаруашылықты, ауыл шаруашылығы шикізаты мен тамақ өнеркәсібін қайта өңдеу, ветеринариялық-санитариялық және фитосанитариялық қауіпсіздікті, техникалық жарақтандыру мен басқа да ілеспе қызмет салаларын қамтамасыз ету, ауылдық аумақтардың әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымын дамыту үшін жағдай жасау арқылы ауыл халқының өмір сүру деңгейін арттыруға" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Агроөнеркәсіптік кешенде қызметін жүзеге асыратын аквашаруашылық субъектілерін мемлекеттік ынталандыру осы Заңға және "Аквашаруашылық туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес айқындалады.";

5) 10-баптың 2-тармағында:

2) тармақшадағы "балық шаруашылығына" деген сөздер "балық шаруашылығы мен аквашаруашылыққа" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-1) тармақшадағы "жасанды түрде балық өсіру" деген сөздер "аквашаруашылық" деген сөзбен ауыстырылсын;

6) 11-бапта:

1-тармақ 2) тармақшасындағы "арттыру жағдайында агроөнеркәсіптік кешен салаларының дамуын экономикалық ынталандыру ретінде жүзеге асырылады." деген сөздер "арттыру;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

"3) агроөнеркәсіптік кешен саласындағы қарсы міндеттемелерді қабылдау жағдайында агроөнеркәсіптік кешен салаларының дамуын экономикалық ынталандыру ретінде жүзеге асырылады.";

2-тармақ мынадай мазмұндағы 8-12) тармақшамен толықтырылсын:

"8-12) балық өнімін қайта өңдеуді субсидиялау;"

7) 13-1-бапта:

1-тармақтағы "Республикасының Үкіметі айқындайтын мемлекеттік мекеме" деген сөздер "Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорын" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтың бірінші абзацындағы "Мемлекеттік мекеменің" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақ алып тасталсын;

4-тармақтағы "Мемлекеттік мекемені" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынды" деген сөздермен ауыстырылсын.

11. "Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы" 2009 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

9-бапта:

1-тармақтың бірінші абзацы "өндіруші ұйым" деген сөздерден кейін ", егер осы баптың 1-1-тармағында өзгеше көзделмесе," деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) кемінде жиырма бес пайызы тікелей немесе жанама түрде Ұлттық әл-ауқат қорына тиесілі, жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйым өндірілетін электр энергиясын:

"Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабының 16-тармағына сәйкес жасалған электр энергиясын сатып алу-сату шарттарына сәйкес

дауыс беретін акциялары (жарғылық капиталға қатысу үлестері) тікелей немесе жанама түрде Ұлттық әл-ауқат қорына тиесілі энергия өндіруші ұйымдарға,

және (немесе) "Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 2-2-тармағына сәйкес жүйелік операторға сатуға (өткізуге) құқылы."

12. "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына:

2-қосымша мынадай мазмұндағы 154-1, 261-1, 267-1 және 316-2-жолдармен толықтырылсын:

"

154-1.	Уәкілетті органның Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияның күші қолданылатын балықтар мен басқа да су жануарларын Қазақстан Республикасының аумағына импорттауға, Қазақстан Республикасының аумағынан экспорттауға және (немесе) кері экспорттауға арналған рұқсаттарды беруі	Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияның күші қолданылатын балықтар мен басқа да су жануарлар түрлерін Қазақстан Республикасының аумағына импорттауға, Қазақстан Республикасының аумағынан экспорттауға және (немесе) кері экспорттауға арналған рұқсат	
--------	---	--	--

","

"

261-1.	Балық ресурстарын және басқа да су жануарларын пайдалануға арналған рұқсатты беру	Балық ресурстарын және басқа да су жануарларын пайдалануға арналған рұқсат	
--------	---	--	--

","

"

267-1.	Саны реттелуге жататын балықтар мен басқа да су жануарларының түрлерін алып қою	Саны реттелуге жататын балықтар мен басқа да су жануарларының түрлерін алып қоюға арналған рұқсат	
--------	---	---	--

","

"

316-2.	Балықтар мен басқа да су жануарларын интродукциялауды, реинтродукциялауды және будандастыруды жүргізуге арналған рұқсатты беру	Балықтар мен басқа да су жануарларын интродукциялауды, реинтродукциялауды және будандастыруды жүргізуге арналған рұқсат	
--------	--	---	--

13. "Ауыл шаруашылығы кооперативтері туралы" 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

бүкіл мәтін бойынша "акваөсіру" деген сөз "аквашаруашылық" деген сөзбен ауыстырылсын.

14. "Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы" 2018 жылғы 10 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

5-баптың 2) тармақшасындағы "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы жүргізетін," деген сөздер алып тасталсын.

15. "Табиғи монополиялар туралы" 2018 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 15-бап мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. "Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 2-2-тармағына сәйкес табиғи монополия субъектісі дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) кемінде жиырма бес пайызы тікелей немесе жанама түрде Ұлттық әл-ауқат қорына тиесілі, жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйыммен электр энергиясын сатып алу-сату шартын жасасқан жағдайда, уәкілетті орган тарифтерді белгілеу кезінде электр энергиясын сатып алу-сату шартының қолданылу мерзімі ішінде электр энергиясын сатып алуға табиғи монополия субъектісінің шығындарын есепке алады.";

2) 22-бапта:

1-тармақта:

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) "Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 2-2-тармағына сәйкес, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) кемінде жиырма бес пайызы тікелей немесе жанама түрде Ұлттық әл-ауқат қорына тиесілі, жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйыммен электр энергиясын сатып алу-сату шартын жасасу;";

9-2) тармақшадағы "өңірдегі" деген сөз "осы тармақтың 9-3) тармақшасында көзделген жағдайды қоспағанда, өңірдегі" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 9-3) тармақшамен толықтырылсын:

"9-3) осы Заңның 5-бабы 1-тармағының 14) тармақшасында көзделген реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынатын табиғи монополия субъектісінің бір жұмыскерінің орташа айлық номиналды жалақысының өзгеруі.

Бұл ретте осы Заңның 5-бабы 1-тармағының 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген реттеліп көрсетілетін қызметтерді көрсететін табиғи монополиялар субъектілері үшін көзделген, өңірдегі (қаладағы) экономикалық қызмет түрлері бойынша бір жұмыскердің бір жылдағы статистика деректері бойынша қалыптасқан орташа айлық номиналды жалақысының өзгеруі өзгертуге негіз болып табылады;"

2-тармақтың бірінші бөлігі "9-2)" деген цифрлардан кейін ", 9-3)" деген цифрлармен толықтырылсын;

4-тармақтың екінші бөлігінің 1) тармақшасында:

"1)," деген цифрдан кейін "1-1)," деген цифрлармен толықтырылсын;

"және 9-2)" деген сөздер ", 9-2) және 9-3)" деген сөздермен ауыстырылсын.

16. "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Каспий теңізінде қызметті жүзеге асыруға байланысты мәселелер бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2021 жылғы 23 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1-бапта:

1) 5-тармақтың 2) тармақшасы алып тасталсын;

2) 8-тармақта:

15) тармақшаның сегізінші абзацындағы "жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік органға" деген сөздер "балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті органға" деген сөздермен ауыстырылсын;

17) тармақшада:

жетінші абзацтағы "жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік органға" деген сөздер "балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті органға" деген сөздермен ауыстырылсын;

сегізінші абзацтағы "жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган" деген сөздер "балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

он бірінші абзацта:

"Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган" деген сөздер "Балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

"жануарлар дүниесін пайдалануға" деген сөздер "балық ресурстарын және басқа да су жануарларын пайдалануға" деген сөздермен ауыстырылсын;

он төртінші абзацтағы "жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган" деген сөздер "балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

20) тармақшаның екінші абзацында:

"Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган" деген сөздер "Балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

"жануарлар дүниесін пайдалануға" деген сөздер "балық ресурстарын және басқа да су жануарларын пайдалануға" деген сөздермен ауыстырылсын.

17. "Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы" 2021 жылғы 30 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 4-баптың 4-тармағының 4) тармақшасы "балық шаруашылығын" деген сөздерден кейін ", аквашаруашылықты" деген сөзбен толықтырылсын;

2) 15-баптың 1-тармағының 3) тармақшасы:

"пайдалану" деген сөзден кейін "және аквашаруашылық" деген сөздермен толықтырылсын;

"балық шаруашылығын" деген сөздерден кейін ", аквашаруашылықты" деген сөзбен толықтырылсын.

18. "Өсімдіктер дүниесі туралы" 2023 жылғы 2 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

39-баптың бірінші бөлігі "балық шаруашылығы" деген сөздерден кейін ", аквашаруашылық" деген сөзбен толықтырылсын.

2-бап.

1. Осы Заң:

1) алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілетін 1-баптың 1-тармағының 7) тармақшасын, 4-тармағының 1), 3), 5) – 11) тармақшаларын, 12) тармақшасының бірінші және екінші абзацтарын, 13) – 17) тармақшаларын, 20) тармақшасының бірінші, үшінші, төртінші және бесінші абзацтарын, 5, 6 және 8-тармақтарын, 9-тармағы 1) тармақшасының бірінші, бесінші – оныншы, он екінші, он төртінші, он бесінші, он жетінші, он тоғызыншы – жиырма екінші және жиырма төртінші абзацтарын, 2) және 3) тармақшаларын, 4) тармақшасының бірінші және төртінші абзацтарын, 5) тармақшасын, 6) тармақшасының бірінші – қырық үшінші, қырық бесінші – қырық тоғызыншы абзацтарын, 7) тармақшасының бірінші – төртінші абзацтарын, 8), 9) және 10) тармақшаларын, 12) тармақшасының бірінші және екінші абзацтарын, 13), 14) және 15) тармақшаларын, 16) тармақшасының бірінші – алтыншы абзацтарын, 17) тармақшасының бірінші, алтыншы – он бесінші абзацтарын, 18) тармақшасының бірінші – бесінші және жетінші – он үшінші абзацтарын, 19), 21) және 23) тармақшаларын, 24) тармақшасының бірінші, тоғызыншы, он екінші – он бесінші, он сегізінші – жиырма екінші абзацтарын, 26) тармақшасының бірінші – бесінші, жетінші – оныншы абзацтарын, 28), 29), 31) – 40) тармақшаларын, 10-тармағы 1) тармақшасының бірінші, үшінші, алтыншы – он бірінші абзацтарын, 2) тармақшасын, 3) тармақшасының бірінші және екінші абзацтарын, 11, 12, 13, 15 және 16-тармақтарын;

2) 2025 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 10-тармағының 7) тармақшасын;

3) 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 9-тармағы 18) тармақшасының алтыншы абзацын;

4) 2018 жылғы 12 тамызда жасалған Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенция күшіне енген күннен бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 9-тармағы 6)

тармақшасының қырық төртінші абзацын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

2. Бекітіп берілмеген балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) учаскелерінің паспорттарында балық аулауға арналған балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін бекітіп беру мерзімдері болмаған жағдайда, мұндай мерзімдер балық ресурстары мен басқа да су жануарларын қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы аккредиттелген ғылыми ұйымның ғылыми ұсынымдары негізінде айқындалады деп белгіленсін.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

Қ. ТОҚАЕВ

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК